

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ ОЙЫН ДАМУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жанбатырқызы Назым

zzhanbatyr@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
мамандығының 2 курс студенті. Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ф.Н.Жұмабекова

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында адами капитал – жаңғыру негізі, білім берудің жаңа сапасы, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс – деп атап көрсеткен болатын [1].

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.“Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн”.

Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы. Баланың ақыл - ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Ақыл-ойдың дамуы – бұл, баланың жасына, тәжірибиесінің молаюуы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектеп жасына дейінгі баланың білімінің дамуы жылдам қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процесстері жетіледі, бала ақыл-ой әрекеттің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ойының дамуын қамтамасыз етуін оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар [2].

Баланың ақыл-ойын дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу арқылы тілді сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Соның нәтижесінде мектеп жасына дейінгі бала тілді меңгеріп алатындығы сондай, оны қарым-қатынас құралы ретінде еркін пайдаланады.

Мектеп жасына дейінгі баланың ақыл-ойының дамуы алғашында қарым-қатынаста, заттық әрекеттерде, ойындарда ал сонан соң оқу, еңбек, өнімді жұмыс (сурет салу, мүсін жасау, аппликация, құрастыру) процесінде жүзеге асырылады. Ақыл-ойдың неғұрлым тиімді дамуы оқыту және тәрбиенің ықпалымен жүргізіледі. Қазіргі педагогика ғылыми ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және білім алуға қажетті танымдық қызмет әдістерін меңгеру - деп есептеледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын тәрбиелеуді дұрыс ұйымдастыру үшін олардың ақыл-ой дамуының заңдылықтары мен мүмкіндіктерін білу керек. Оларды ескере отырып, ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістері белгіленеді.

Білімдерді меңгеру ақыл-ой тәрбиесінің негізіне алынған. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың негізгі көзі – айналадағы өмір. Бала өз бетімен және тәрбиешілердің

жетекшілігімен, күнделікті өмірде және оқу сағаттарында білім алады. Балалардың өз бетімен алған білімдері көбіне, бей-берекет жүйесіз, кездейсоқ болып келеді. Көптеген балалар білімінің едәуір қорына ие бола отырып, тиісті 6-7 жастың өзінде жиынтық ұғымдарды меңгере алмайды, аса қарапайым құбылыстардың арасындағы байланыс пен тәуелділікті өз бетімен анықтай алмайды. Түрлі жастағы балаларға арналған білім көлемін, олардың сипатын және бір топтан екінші топқа күрделенуін анықтау, яғни балаларды айналадағылармен таныстыру жөніндегі бағдарламаны жасау, педагогикалық зерттеулердің аса маңызды міндеті болып табылады.

Ақыл-ой тәрбиесінің негізін қалау арқылы, біз мектеп жасына дейінгі балаларға табиғатқа деген сүйіспеншілікті, өсімдіктерге, жәндіктерге қажырлық қатынасты тәрбиелейтін табиғат туралы білімдердің қалыптасуын, еңбектің қандай да бір түрлерін болса да, қадір тұтып сол еңбек нәтижелеріне қажырлық көзқарас туғызуға тәрбиелейтін ересек адамның еңбегі туралы білімді беруді көздейді. Бұл білімді игеру негізінде балалардың туған өлкесіне, өз Отанына деген патриоттық сезімдерді қадір тұту, еліміздің қоғамдық өміріне мүдделену көзқарасы қалыптасады [3].

Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы. Баланың ақыл - ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы - ойын әрекеті, яғни, ойын - баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту - тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп - салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік - жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан - жақты дами алады .

Мектепке дейінгі балалардың ойлау қабілеттерінің дамуына зерттеу әдістерінің тигізетін әсері өте үлкен. Қазіргі мектепке дейінгі балалардың барлық ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын ескере отырып жасалған, оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен осы проблеманы шешу үшін әр болашақ тәрбиеші ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын, зерттеу әдістерін толық түсінуі қажет. Мектепке дейінгі білім берудің алдында тұрған негізгі мақсат – балаларға білім бере отырып ойлау қабілетін дамыту, қызығушылығын арттыру, оқуға ынтасын ояту.[3]

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды болып табылады. Инновациялық үдерістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін алыс және жақын шетел ғалымдары: К.Ангеловский, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М.Поташник, С.Д.Поляков, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова, В.И.Загвязинский, П.И.Пидкасистый, Н.И.Лапин, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Д.Никандров, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Л.Н.Фридман т.б. өз еңбектерінде қарастырылған [2].

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясын: Н.Н.Нұрахметов, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, М.М.Мұқаметқалиқызы, Ф.Н.Жұмабекова т.б. педагог ғалымдар зерттеген [4].

Соңғы жылдары осы саладағы жұмыстардың көлемі арта түсіп, жалпы педагогикалық инновацияға, оның ішінде инновациялық білім беру үдерістеріне қатысты бірқатар аспектілер зерттеле бастады, бірақ мектепке дейінгі ұйымдардағы инновация мәселесі әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші педагогтардың инновациялық технологияларды пайдалануы аса өзекті мәселе болып қалып отыр. Қазіргі жаңартылған қоғам білім беру ұйымдарына мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін жетілдіруді талап етеді. Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі болып табылады.

«Инновация» ағылшын тілінен аударғанда жүйе ішіндегі өзгерістер деген мағынаны білдіреді. Құрал мен үрдіс ретінде инновация қандай да бір жаңалық енгізу деген мағынаны білдіреді. Педагогикалық үрдіске қатысты инновацияны оның мақсатына, мазмұнына, оқыту әдістері мен формаларына, мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деп анықтауға болады. Енді балабақшаларда қолданыстағы бірқатар инновациялық технологияларға тоқталамыз:

1. Монтессори технологиясы
2. Жобалау технологиясы
3. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы
4. Денсаулық сақтау технологиясы

Монтессори технологиясы. Негізін қалаған: М. Монтессори. Мақсаты: балалардың қоршаған әлемге қызығушылығын туғызу және оны зерттеуге ұмтылдыру. Сауалдар қою және оларға жауап іздеп табу. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды тандап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі тандайтын болғандықтан, оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. М.Монтессори педагогикасы негізінде ақыл-ойды дамыту – баланың жасына, тәжірибенің молаюы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүргізіледі, таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой дамуын қамтамасыз етудің оның барлық кейінгі іс- әрекеті үшін зор маңызы бар. Баланың ақыл-ойын дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу процесінде тілді, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін меңгерді. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі бала тілді меңгеріп алатындығы сондай, оны қарым-қатынас құралы ретінде еркін пайдаланады.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ойының амуы алғашында қарым-қатынаста, заттық әрекеттерде, ал сонан соң оқу, еңбек, өнімді жұмыс (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) процесінде жүзеге асырылады. Ақыл-ойдың неғұрлым тиімді дамуы оқыту және тәрбиелену ықпалымен жүргізіледі.

Қазіргі М.Монтессори педагогикасында ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері – білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға қажетті қызмет әдістерін меңгеру деп есептейді. М.Монтессори жүйесі дәстүрлі педагогикадан мүлдем ерекшеленеді және ол ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына қайшы келмейді. Сонымен қатар, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» деп аталатын 5 білім беру салалары бойынша ортаны ұйымдастыру

қарастырылған. Бұл білім беру салалары М.Монтессоридің әдістемесі бойынша ортаны ұйымдастыруымен үндес болып келеді [5].

Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. Жобалау технологиясы ХІХ ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. Жобалап оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгерудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет

Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. Ең алдымен, ТРИЗ түсінігін анықтап алайық. Бұл ең жас, әрі кең таныс педагогикалық инновациялық жүйе. ТРИЗ күшті ойлаудың жалпы теориясына жетудің жолындағы бір кезең. 1946 жылы Баку қаласынан шыққан ғалым мамандығы инженер Генрих Саулович Альтшуллер шығармашылық әдіснама бойынша жұмысын бастайды. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. ТРИЗ технология деген атпен кең тарады. ТРИЗ-(ӨТШТ)-технология, ғылым, өнер, жарнама, педагогика саласында тәжірибеден өткен шығармашылықты дамыту технологиясы. Технологияны қазақ тіліне «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» деп аударған. ТРИЗ тәсілдері мен әдістері мектеп жасына дейінгі балаларда тапқырлықты, шығармашылық қиялды және қарқынды ойлауды дамыту үшін балабақшаларды табысты қолданылып келеді. Триз элементтері жүйелі түрде, өтіп жатқан процестерді түсіне отырып, ойлауға және әртүрлі мәселелерде өз шешімін табуға үйретеді. Өнертапқыштық, шығармашылық қиял түрлерінде - ойын, сөйлеу, көркем шығармашылықты ойлап табудан көрінеді. Білім беру процесінде ТРИЗ элементтерін пайдалану кезеңдерінде ТРИЗ жүйесі бойынша жұмыс істеу біртіндеп жүзеге асырылуы, балалардың түстермен танысуына мүмкіндік береді. Олардың шығармашылық талғамдары дамып, қиялдау, өз бетімен еңбек ету дағдылары қалыптастырады. Мен осы оқу жылында ІІ сәбилер тобының балаларымен қатынас, шығармашылық білім саласының кіріктірілген бағытында «Қысқы орманға саяхат» тақырыбында оқу қызметін өткіздім: Оқу қызметінде ТРИЗ технологиясының бір элементін қолдандым және бұл технологияны қолдануда ІІ сәбилер тобының балаларымен оқу қызметін өткізуде қиындық туындай қойған жоқ. Осы оқу қызметінің алдында балалармен алдын ала жұмыстар жүргізілді. Серуенде қысқы табиғатты, қыстап қалатын құстарды бақылап, сонымен қатар, серуен кезінде балалардың қысқы ойындары суретке түсірілді. Бұл түскен суреттерін буклет түрінде түрінде қызметі барысында көрсетілді. Менің ойымша ТРИЗ технологиясын қолдана отырып өткізілген оқу іс-әрекеті балалардың қызығушылығын арттыратындай деңгейде өткізілді. Жалпылама алғанда оқу қызметіүш мақсатпен қамтылды: дамыту, үйрету, тәрбиелеу. Бұл мақсаттар оқу іс-әрекеті барысында орындалды. Балалардың қысқы табиғат жайында қыстап қалатын құстар туралы білімдерін жетілдірілді. Оқу қызметі жоспарға сай өткізілді. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқу іс-әрекетін саяхат түрінде өткіздім. Балалардың қыс мезгілі, қыстап қалатын

құстар туралы білімдері кеңейтілді. Оқу қызметі балалардың айналадағы дүниені танып білуге деген қызығушылықтары арттырылды. Бұл ашық оқу іс-әрекеті барысында ТРИЗ әдісімен «Жақсы - жаман» атты ойыны қолданылды, сонымен қатар, оқу іс-әрекеті соңында өздерінің сабақтан алған әсерлерін ақ қағазға суреттеп бейнеледі. Оқу қызметі өту барысында белсенділік танытқан балалар болды. Әр баланың жеке көзқарасы қалыптасып, мол тәжірибе алды, әрі есінде қалды. Бұл мен үшін өте маңызды болып есептеледі. Оқу қызметі өту барысында жетістіктерге қол жеткізген жетістіктерім:

- берілген тапсырманы түсініп орындай алды, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге тырысты, оқу қызметіүстінде балалардың өзін-өзі ұстау мәдениеті өте жоғары болды;

- саяхатқа шыққанда қысқы орман туралы түсініктерін қалыптастырды және ұсынылған тапсырмаларды дұрыс орындай білді;

- қысқы ағашты бейнелеуді ТРИЗ әдісін қолдануды меңгерді.

Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі олардың ойлауына, жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, шығармашылық қабілеттірін дамытуға ықпал етті деп ойлаймын [6].

XXI ғасырда өмір бізге көптеген жаңа мәселелерді айқындады, оның ішінде денсаулық сақтау, саламатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) әдеттерін тәрбиелеу – ең өзекті мәселе болып табылады. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, олардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, артық жүктемелерді жоятын және мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтайтын білім беру технологияларын таңдау – білім беру жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңінің басты міндеттерінің біріне айналды. Денсаулық сақтаушы педагогикалық технологиялар белгіленген міндеттерді шешу құралының бірі болып табылады. «Денсаулық сақтау білім беру технологиялары» ұғымы педагогикалық практикада соңғы жылдары ғана пайда болды. Бұл тақырып балалардың денсаулық жағдайына байланысты өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселесін бала мектепке барғанға дейін, яғни балабақшада шешу маңызды.

Біріншіден, бұл әрекет құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдер құру және әрекетті жабдықтау (сабақтың негізгі мазмұны жеңіл әрі тиімді түрде қабылданады) сияқты дағдылар мен біліктердің жиынтығы болатынын ескере отырып, ойлаудың операциялық стилінің қалыптасуы өз септігін тигізеді.

Екіншіден, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгеріп, содан кейін ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдаланады.

Үшіншіден, сабақты ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы өткізу ойынға оңай ұласады да, балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас пайда болады. Ескеретін жағдайлар: Зерттеулерді талдау негізінде оқыту үдерісіне аталған құралдарды, яғни интерактивті оқыту технологиясын сауатты жоспарлаған тәрбиеші педагогикалық үдерісте мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жас ерекшелігіне сай, психикасы мен денсаулығына кері әсері болмайтындай қолдану керек. Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану кезінде барлық қауіпсіздік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу тәрбиешіге жоғары жауапкершілікті жүктейді. Бұндай тұжырым балабақшадағы оқу үдерісінде бүлдіршіндердің ақпараттық қажеттілігін, қызығушылығын туғызатындай ұйымдастыруда аталған құралдарды қолданудың дидактикалық алғышарттарын құруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология құралы балабақшадағы оқу үдерісінде қолданылуы үшін басқа оқу құралдары тәрізді дидактикалық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Келесідей дидактикалық қағидалар ұсынылды: – бейімділік қағидасы, балаларды құралдардың бейімдеу деңгейіне байланысты бірнеше кезеңдерін анықтауға болады. Біріншіден, балалардың оқу материалын меңгеру қарқынын таңдауы; екіншіден баланың жағдайын диагностикалауы; үшіншіден оның негізінде оқыту мазмұны мен технологиясын ұсынуымен сипатталады; – интерактивтілік принципі, аталған құралдар сұхбатты және кері байланыс жасауды қамтамасыз ететіндігімен ерекшеленеді.

Ойымызды қорытындылай келе, инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалану дербес оқыту технологиясы ретінде оқу-тәрбие үдерісінде балалардың ақыл-ойын дамытуға ықпал ететінін ескеріп, тәрбиеші педагогтар оқу қызметінде тиімді пайдалана білуі тиіс деп есептейміз. Тәрбиеші педагогтардың білім, білік сапасын арттыру және жаңа инновациялық технология түрлерін таңдай білуге, одан шығатын нәтижеге қол жеткізу әрбір маманның кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады. Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы баланың ақыл-ойын дамыту білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының бүгінгі күннің талаптарына сай болғанда және педагог мамандардың әлеуетіне, біліктілік деңгейіне де қатысты болмақ..

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 2012
2. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары - Өскемен, 2004.
- 3.Жұмабекова. Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Фолиант. Астана. 2014.
4. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, 2005.
5. М.Монтессори «Помоги мне, сделать это самому». [http://www. psychologos. ru/articles/view/pedagogika_frebelya](http://www.psychologos.ru/articles/view/pedagogika_frebelya)
6. Жұмабекова. Ф.Н.Болашақ мамандардың жаңаша ойлауын қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдалану.«Инновациялық ойшыл мамандарды кәсіби даярлау тұрғысындағы ҚР стратегиясы» «атты республикалық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2013. -99-102 б.